

БЕКІТЕМІН
Амбулаториялық -емханалық
қызметі бар Жалағаш аудандық
орталық ауруханасы бас дәрігері
Г.Т.Нысанова _____
«5» қаңтар 2016 жыл.

**Амбулаториялық емханалық қызметі бар Жалағаш аудандық орталық
ауруханасының 2016-2019 жылдарға арналған стратегиялық жоспары.**

**Жалағаш кенті
2016 жыл**

Мазмұны

I. Миссия және мақсаты.

II. Ағымдағы жағдайға талдау

III. Амбулаториялық-емханалық қызметі бар

Жалағаш аудандық орталық ауруханасының- стратегиялық бағыты, мақсаттары мен міндеттері және негізгі нысаналы индикаторлары

IV. Амбулаториялық-емханалық қызметі бар

Жалағаш аудандық орталық ауруханасының функциялық мүмкіндіктері

V. Ведомствоаралық өзара іс-қимылдар

VI. Мүмкін болатын қауіптер

VII. Нормативтік құқықтық актілер және Мемлекет басшысының тапсырмалары

I Миссия және мақсаты:

Міндеті.

«Уақытылы, сапалы және қауіпсіз медициналық көмекті жеткілікті көлемде көрсету»

Мақсаты.

Тұрғандардың сұранысына сай, тиімді әрі қол жетімді алғашқы медико-санитарлық, стационарлық көмек көрсету арқылы олардың денсаулығын сақтау.

II Ағымдағы жағдайға талдау

«Мәңгілік Ел» болу жолындағы кемел келешегімізді қалыптастыруда еліміздің барлық салалары бойынша әлемдегі дамыған мемлекеттердің озық технология үлгілері қолданысқа енгізіліп жұмыстар жүргізілуде. Халық денсаулығын нығайту - мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында іске асырылып жатқан салалық бағдарламалар осының айғағы. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасынан туындайтын міндеттерді іске асыру мақсатында және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011- 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында Жалағаш ауданының денсаулық сақтау саласында медициналық қызметті жетілдіру, медициналық қызмет сапасын арттыру, халықты қолжетімді медицинамен қамтамасыз ету, профилактикалық медицинаны дамыту, аурудың алдын алу шаралары мен алғашқы медициналық көмекті жетілдіру, ана мен бала денсаулығын қорғау бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді.

Аудан бойынша халыққа медициналық қызметті аудандық емхана, 12 дәрігерлік амбулатория, 5 - медициналық пункт, 2 - фельдшерлік-акушерлік пункт, 140 төсектік - аудандық аурухана, 50-төсектік 5 ауылдық аурухана бөлімшесі көрсетеді.

Тіркелген халық саны

Ауданда халық саны- статистикалық көрсеткіш бойынша-36 138, оның ересектері -23 942, жасөспірімдер саны - 1714, балалар саны - 10 482, оның ішінде 1 жасқа дейінгі бала -758. Туу жасындағы әйелдер саны-7705. Рпн бағдарламасында жыл басында-35569 адам тіркеуде болған, ал жыл аяғында өткен еркін тіркелу науқанының нәтижесі бойынша-34410 ды құрады.

Кадрлар туралы мәлімет

Аудандағы емдеу және алдын алу ұйымдарында 81 жоғары білімді дәрігер, 444 орта буынды медицина қызметкерлер жұмыс жасайды

81 дәрігердің арасында 44 дәрігерде квалификациялық дәреже бар, ол 51,8% . 2014 -55,6% жоғары санатта -13 (29,5%). I-санатта-21 (47,7%), II-ші санатта- 10 (22,7%)

Орта буын медицина қызметкерлерінің 165-37,1 пайызында біліктілік санаттары бар. Жоғарғы санат 82-18 пайыз, I санат 61-14 пайыз, II санат-22-5 пайыз.

10 мың халыққа шақанда дәрігермен қамтылу көрсеткіші 22,4, орта буынды медицина қызметкерлерімен қамтылуы – 122,8 кұрайды.

2015 жылы 17 дәрігер қайта даярлау курсынан өткізілді, атап айтқанда-7 Жалпы тәжірибелі дәрігерлер, 2 әлеуметтік гигиена және денсаулық сақтауды ұйымдастыру

,профпатолог,маммолог,кардиолог,травматолог,невропатолог,дерматовенеролог,сәулелі диагностика дәрігері,трансфузиолог дәрігерлері оқытылды.

31 дәрігер және 147 орта буын медицина қызметкерлері білімдерін жетілдірді.

Аурухана жаңадан 4 Жалпы тәжірибелі дәрігер, 3 терапевт, акушер-

гинеколог, дерматовенеролог инфекциялисті, статист дәрігерлерімен толықтырылды. Олардың ішінде Дипломмен ауылға бағдарламасы бойынша несиеленгендері-3

Материалдық техникалық база

2014 жылдан бастап мекеме жан басына шаққандағы тариф бойынша қаржыландырылады. Жыл сайын қаржы көлемі ұлғаяуда. Соңғы үш жылдың ішінде 2014 жылы медициналық құрал жабдықтар сатып алуға 137 423,0 мың теңге қаржы бөлінгендіктен қаржы көлемі көп болған. Атап айтқанда-

Фиброколоноскоп, Наркозно дыхательный аппарат, кровать функциональная реанимационная, Иммунологический анализатор для ранней диагностики острого инфаркта миокарда, Аппарат неинвазивный ИВЛ для взрослых и новорожденных, Открытая реанимационная система для новорожденных, Диагностическая ультразвуковая система экспертного класса және т.б. Жан басына шаққандағы үстемелеуші компонентке 2014 жылы 54 179,0 мың бөлінсе, 2015 жылда 51 666,0 мың теңге болып азайған.

Науқастардың дәрігерлерге көріну жағдайлары.

Амбулаториялық қызмет бойынша жалпы қабылдауда болған науқастар саны биылғы жылы 193 675 –ті құрады. Былтырғы жылмен салыстырғанда 12 966 қабылдауға азайып отыр. Сол сияқты науқастануы

бойынша қабылдау-7552-ге азайған. Алдын ала тексерумен келген науқастар саны да былтырғы жылмен салыстырғанда 5414 жағдайға кем болып отыр. Қабылдаулардың азаю себебі бірқатар дәрігерлердің бала күтімі бойынша демалыста болуы және былтырғы жылы скринингтік тексеру санының қосылуымен түсіндіріледі.

Негізгі көрсеткіштер

Негізгі көрсеткіштерге тоқталар болсақ:

Осы жылдың 12 айында аудан бойынша 813 бала дүниеге келіп, туу көрсеткіші 21,5 промилльді құрады (2014ж- 763 -20,7) Өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш- 0.8 промилльге –өсіп отыр.

Өлім жітім көрсеткіші

Жалпы өлім-жітім көрсеткіші: Аудан бойынша 2015 жыла қайтыс болу көрсеткіші-0,7 промилльге төмендеп отыр.

Барлық қайтыс болған адамдар саны 2015ж-206-5,7промилль, 2014ж-237-6,4. Ауруханада қайтыс болғандар саны 49-23,8%,2014ж-46-19,4, үйде қайтыс болғандар саны -157 -76,2%,2014ж 191-80,6%. Қайтыс болуды нозология бойынша жіктейтін болсақ бірінші орында 50(51) жағдаймен қан айналым жүйесі аурулары тұр оның ішінде үйде қайтыс болғаны-25(20) жұмысқа қабілетті жастағы адамдар-15(16),үйде қайтыс болғаны-7(19).Жалпы қайтыс болған науқастардың ішінде стационарда қайтыс болғаны-15(19).

Назология бойынша бөлетін болсақ:

- АГ-9 науқас
- ДКМП-2
- ЦВЗ-23
- ИБС-8
- Инфаркт миокарда-2
- Аритмия-1
- ХРБС-2

Осының ішінде басқа диагнозбен есепте тұрып стационарда емделіп Қан айналым жүйесіне тіркеген науқастар-3.

Екінші орында 31(28) жағдаймен қатерлі ісіктерден қайтыс болу, үшінші орында 18(31) жағдаймен жаракаттар мен оқис жағдайлардан қайтыс болу тұр.

Соңғы 5 жыл көлемінде ауданымызда ана өлімі тіркелген жоқ. 2015 ж қорытындысы бойынша 0-1 жасқа дейін шетінеген бала 2015жылда-7 жағдайды құрады (8,9),2014жылда 9 жағдай болған (11,7), былтырғы жылмен салыстырғанда сәбилер шетінеуі 2,8 промилльге азайған.

Жалпы алғаш рет тіркелген аурулар саны былтырғы жылдармен салыстырғанда 20112 жағдай болып көбейген (2014-19148, 2013-19322)

Онкологиялық қызмет

Қатерлі ісік ауруымен биылғы жылы 61-163,2 промилль(48-124,6) адам анықталып, былтырғы жылмен салыстырғанда 13 жағдайға жоғарылаған. Жыл басында есепте тұрған науқастар саны 179 диспансерлік есептен шығарылғаны 50 науқас. Жыл аяғында есепте тұрғаны -190 науқас. Бес жылдық өмір сүру ұзақтығы-71 науқас 37,9(45,1)-ды құрап отыр.

Олардың ішінде асқынған түрінің үлес салмағы былтырғы жылмен салыстырғанда 5,6(2015-13,5;2014-18,7) пайызға азайып 8 жағдай тіркелген.

Атап айтар болсақ тіркелген жағдайлардың ішінде 4 науқастағы қатерлі ісік орналасқан мүшені диагностикалау қиындық туғызған:

- 1.Ақшалов А 1970 ж т Бухарбай батыр ауылы тұрғыны. Д/З:Ұйқы безі басының қатерлі ісігі.
- 2.Алпеисов А 1948 ж т Бухарбай батыр ауылы тұрғыны. Д/З:Мтс костей черепа и бедренной кости слева без первичного очага.
- 3.Муратбаева У 1942 ж т Мырзабай ахун ауылы тұрғыны. Д/З:С-г позвоночника без первичного очага.
- 4.Абдиев Т 1945 ж т Абай көшесі №6 үй тұрғыны. Д/З:левого надпочечника.

Қалған төртеуі дәрігерлерге кеш қаралған.

Қатерлі ісік өлім жітімге келетін болсақ биыл 30 адам қайтыс болып, көрсеткіш 81,4 промилль болып 2014 жылмен салыстырғанда 8,1 промилльге аз болған(89,5)

Туберкулез ауруымен аурушандыққа келетін болсақ биылғы жылы 2013 жылдағыдай 33 адамда алғаш рет туберкулез анықталып, көрсеткіш 89,4 промилльге көтеріліп кетті.(2014 ж 22 жағдай-59,9), (2013 жылы 33-89,6). Асқынған туберкулезбен тіркелген ауру жоқ.

Жүрек қан тамыр жүйесінен аурушандық жыл санап өсіп келе жатыр. Яғни 100 мың адамға шаққанда көрсеткіш 2013 жылы 2279,8. 2014 жылы-2575,1, 2015 жылы-3234,8. Соған қарамастан қайтыс болу көрсетіші бір деңгейде тұр.

Туу жасындағы әйелдер

Жалпы аудан бойынша туу жасындағы әйелдер биылғы жылы 7705 ті құрайды. Олардың тексерілгені 6626-86 пайыз. Алғаш рет тіркелген экстрогенитальды аурулар -1612 болып, барлық экстрогенитальды аурулар санын 3574 –ке жеткізді. Олардың ішінде: Қан аурулары-941, Зәр шығару жүйесі аурулары-526, жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары-275, эндокринді жүйе аурулары-244, тыныс алу жүйесі аурулары-124. Сауықтырылған әйелдер саны-990-65,0 пайыз.

452 бұйрық бойынша топ бойынша:

-1 Б тобында-3107 әйел есепте тұрады, контрацепциямен қамтылғаны-1379-44,9 пайыз
-2Б,3Б,4Б тобында есепте тұратын әйелдер саны-2948, контрацепциямен қамтылғаны-1619-54,9 пайыз.
-2 В тобындағы әйелдер-217, контрацепциямен қамтылғаны-153-70,5 пайыз.
-5 топтағы әйелдер саны-164, контрацепциямен қамтылғаны-113-68,9 пайыз.

Жүкті әйелдер туралы мәлімет

Аудан бойынша 2015 жылда барлығы 759 жүкті әйел болған, 12 аптаға дейін есепке алынғаны-632-83,2 пайыз, 28 аптадан кейін есепке алынғандар-11-1,5 пайыз. Жүктіліктің екінші жартысындағы гестоздардың саны-70-8,5 пайыз, Оның ішінде ісінулер-9-1,2 пайыз, преэклампсия ауыр дәрежелі-30-3,9 пайыз, преэклампсия жеңіл дәрежелі-31-4,1 пайыз. 12 аптаға дейін Жалпы тәжірибелі дәрігерлермен 12 аптаға дейін көрілген жүктілер саны-607-79,9 пайыз. Үйде босану-5-0,6 пайыз.

Скрининг бағдарламасы.

2015 жылда скрининг бағдарламасы бойынша жалпы орындау пайызы-98,5 пайыз .

Қанайналым жүйесі ауруларын ерте анықтау - жоспарланғаны-2745; орындалғаны-2827; яғни 102,9 пайыз; Анықталғаны-197-6,9%(О.к-9,08); «Д» есепке алынғаны-190-Соның ішінде АГ-190, ИБС-7;

Қант диабеті ауруларын ерте анықтау- жоспарланғаны-2745; орындалғаны-2839, яғни 103,4 пайыз; анықталғаны-17-0,60%(О.к-1,92);

«Д» есепке алғаны-16

Глаукома ауруын ерте анықтау- жоспарланғаны-2957; орындалғаны-3030, яғни 102,4 пайыз; Анықталып «Д» есепке алынғаны-6-0,20%(О.к-0,64).

Тік және тоқ ішек ісігі және ісік алды ауруларын ерте анықтау- жоспарланғаны-1409; орындалғаны-1519, яғни 107,8 пайыз; 4-еуі «оң» мәнді болып-0,07% құрады(О.к-0,05), ары қарай тексерілу барысында 3 науқаста диагноз нақтыланған жоқ; ісік алды ауруымен есепке алынғаны - 1Д/3; Доброкачественное новообразование нисходящей ободочной кишки;

Асқазан, өңеш қатерлі ісігі және ісік алды ауруларын ерте анықтау- жоспарланғаны-985; орындағаны-985, яғни 100 пайыз; анықталған ауру-6; есепке әртүрлі өзгерістермен алынғаны-6-0,61%(О.к-2,7); Д/Здары: Доброкачественное новообразование желудка.

Сүт безі қатерлі ісігі және ісік алды ауруларын ерте анықтау- жоспарланғаны-712, орындағаны-712, яғни 100 пайыз; анықталған ауру-32-4,49%(О.к-10,19), Д есепке алынғаны-28. Соның ішінде қатерлі ісік-3; Доброкачественное новообразование молочной железы-15, Диффузная кистозная мастопатия-15.

Жатыр мойны қатерлі ісігі және ісік алды ауруларын ерте анықтау- жоспарланғаны-694; орындалғаны-694; яғни-100 пайыз; анықталған ауру-45-6,48%(О.к-7,36); «Д» есепке алынғаны-42; Олардың ішінде эрозия шейки матки-31, Дисплазия шейки матки-7, Полип тела матки-4, Доброкачественное новообразование-3;

Ерлер қуықасты безі ісік және ісікалды ауруларын ерте анықтау- жоспарланғаны-330; орындалғаны-330; 100 пайыз; анықталған ауру жоқ

"В" және "С" гепатитін анықтаудағы ересек тұрғындардың мақсатты тобына скринингтік зерттеу жүргізуге 2015 жылы-162 адам жоспарланып 161 адам тексеруден өтті, 6 адамда оң мәнді нәтиже беріп, 2 адам есепке алынды.

"В" и "С" гепатитін анықтаудағы бала-лардың мақсатты тобына скринингтік тексеру жүргізуге жоспарланғаны-70, орындалу 100 пайыз, 2 балада оң нәтиже беріліп, түпкілікті ПЦР анализінен соң теріс мәнді болғандықтан есепке алынбаған.

Емханадан ауруханаларға жоспарлы түрде жату көрсеткіштері.

Ауруханаға емханадан жоспарлы түрде портал арқылы 2475 науқас жатқызылған, былтырғы жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 426 жағдайға өсіп отыр. Сонымен қатар шеттетілген науқастар 2013 жылмен салыстырғанда 84 жағдайға яғни 4,1 пайызға азайып отыр.

Күндізгі стационар

Стационаралмастыру көмек бойынша емханада 2013 жылда 100 төсектен 2014 жылы 110 төсекке көбейіп 2015 жылы 2114(2110) науқас ем қабылдап шықты. Ал ауруханабойынша 25 төсектік күндізгі емдеу бөлімінде-583 науқас емделген(159)

Тәуліктік стационар

Тәуліктік стационарда 2015 жылы жалпы 5133 науқас емделіп шығып, ол 46673 төсек күндерін құрады. Төсекте орташа болу көрсеткіші былтырғы жылдармен салыстырғанда 0,7 уақытқа азайып 8,5 ті құрап отыр.

Летальдық көрсеткіш 0,2 промилге азайған. Жалпы ауруханалық төсектің орындалу пайызы 71,8 пайызды құрап отыр.

Жатқызу бюросы жұмыс жасағаннан бастап ауруханаға жоспарлы түскен науқастар саны былтырғы жылмен салыстырғанда -189 жағдайға көбейіп, 36,1 пайызды құрады.

Ал жедел түскен науқастарға келетін болсақ былтырғы жылмен салыстырғанда науқастар саны 682 жағдайға азайып, 64,7 пайызды құрайды.

Жатқызылған науқастарды емделу нәтижесі бойынша: Жазылып шыққандар саны-2015 жылы 3167 - 61,6%, (3254-60,3%) Жағдайы жақсарғандар саны-1980-38,5% (2142-39,7%)

Бөлімшелердің орындау пайызы бойынша ең төменгі көрсеткішті перзентхана-43,4% және ауылдық ауруханалар-54,8 пайызды құрап отыр.

Гинекология бөлімшесі-69,6%, жұқпалы аурулар бөлімшесі 79,5%, балалар бөлімшесі 80,4%, Хирургия бөлімшесі-88,7%, Терапия бөлімшесі -94,6%, Тері жіңішке аурулар бөлімшесі-96,1%.

III Стратегиялық жоспар іс-шаралары:

№	Индикаторлар, көрсеткіштер атауы	Бірл.	1кезең			2кезең		Жауапты атқарушы
			2016ж	2017ж	2018ж	2019ж	2020ж	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Халықтың күтілетін өмір сүру деңгейін жоғарылату-2015 жылы -71,1	1000 тұрғынға шаққанда	71,3	71,5	72,0	72,5	73,0	015,011,038,039
2	Халықтың жалпы өлім-жітім көрсеткішін төмендету-2015 жылы-206-5,7	1000 тұрғынға шаққанда	5,7	5,5	5,3	5,2	4,9	015,011,038,039
3	Қан айналымы жүйесінің ауруларынан (ҚЖА) болатын өлім-жітімді төмендету-2015 жылы-50-140,5	100 мың халыққа шаққанда	131,5	116,9	114,0	114,0	111,1	015,011,038,039
4	Қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітімді төмендету-2015 жылы-84,3	100 мың халыққа шаққанда	83,8	82,5	82,0	81,5	80,0	015,011,038,039
5	Қатерлі ісіктер бар науқастардың 5 жыл өмір сүруіне қол жеткізу-	%	49,5	50,1	51,1	52,1	53,0	015,011,038,039

Тікелей нәтижелерге қол жеткізуге арналған іс-шаралар:

-ҚР ДСМ 2009жылғы 10 қараша №685 бұйрығына және 16.03.2011 жылғы №145, 06.03.2015 жылғы №361 бұйрықтарына сәйкес БМСК деңгейінде скринингтік тексерумен алдын алу көмегін жетілдіру: жүрек қан тамыр жүйесінің ауруы, қант диабеті, глаукома, сүт безі, жатыр мойыны, тоқ және тік ішек, бауыр, қуық асты безі және өңештің қатерлі ісігінің алдын алу үшін мақсатты топтағы ересектерді алдын ала тексеруден өтуін сапалы жүргізу және атқарылған жұмыс сапасына талдау жасау.

- ҚР ДСМ 04.11.2011ж №786 «Амбулаториялық деңгейде медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде халыққа тегін қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы бұйымдар тізбесін бекіту туралы» бұйрықта көрсетілген нозологиялар бойынша науқастарды тегін дәрілік заттармен қамтамасыз етілуін қадағалау.

-65жас және одан жоғары жастағы тұрғындардың арасында онкологиялық ауруларды анықтау мақсатында жүргізілетін скринингтік тексеруді сапалы жүргізу.

- ҚР ДСМ №540 12.08.2011 ж «ҚР халқына онкологиялық көмекті одан әрі жетілдіру» бұйрығының орындалуын талқылау.

Қатерлі ісік ауруларының тіркелуі, ерте сатыда анықталуы, асқынған түрлерінің алдын алу іс-шараларының орындалуын талдау.

-Скринингтік бағдарламаның сапасын жақсарту мақсатында барлық мамандарды онкопатологияны ерте сатысында анықтау сұрақтары бойынша оқыту.

-Әйелдерді және ерлерді қарау бөлмелерінің жұмысын жақсарту.

№	Индикаторлар, көрсеткіштер атауы	Бірл.	1кезең			2кезең		Жауапты атқарушы
			2016ж	2017ж	2018ж	2019ж	2020ж	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Ана өлімін болдырмау	1000 тірі туылғандарға шаққанда	0	0	0	0	0	Аудандық денсаулық сақтау ұйымдары

Тікелей нәтижелерге қол жеткізуге арналған іс-шаралар:

-ҚР ДСМ 2010 жылғы 28 мамырдағы №389 «Жүкті, босанатын, босанған әйелдердің ауыр жағдайларының мониторингі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» және 03.07.2012 жылғы №452 «Жүкті, босанушы және ұрпақ өрбіту жасындағы әйелдерге медициналық көмек көрсетуді жетілдіру шаралары туралы» бұйрықтарын орындау. Орындалу жұмыстарына талдау жасау.-Қазақстан Республикасында жүктілікті жасанды үзуді жүргізуді ұйымдастыру туралы ҚРДСМ м.а 30.10.2009 ж №626 бұйрығына сәйкес экстрагенитальды науқасы бар жүкті әйелдерді уақытылы анықтау, емдеу орындарына жіберу- Жүкті әйелдерді босануға дайындауға алғашқы медициналық санитарлық көмек деңгейінде «Болашақ аналар мектебінде» оқыту.-2 В топтағы әйелдерді 100 пайыз контрацепциямен қамтамасыз ету.Жүктілік асқинуы жағдайларын болдырмауға арналған іс шаралар жүргізу.

№	Индикаторлар, көрсеткіштер атауы	Бірл.	1кезең			2кезең		Жауапты атқарушы
			2016ж	2017ж	2018ж	2019ж	2020ж	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Сәбилер өлімін төмендету	1000 тірі туылғандарға шаққанда	9,5	9,0	9,0	8,5	8,0	Аудандық денсаулық сақтау ұйымдары

Тікелей нәтижелерге қол жеткізуге арналған іс-шаралар:

-ҚР ДСМ -ң 19.03.2012 жылғы №183 "Қазақстан Республикасында пренаталдық скрининг ұйымдастыру бойынша "Жол картасын" бекіту туралы" бұйрығына сәйкес жоспар жасалынып, жоспар бойынша жұмыс жасау.

- БМСК деңгейінде жұмыс атқаратын барлық медициналық қызметкерлерді оқыту арқылы БШАБЕ бағдарламасы бойынша жұмысты күшейту.

-Аула аралау жұмыстарын күшейту,қадағалау.

- Туу жасындағы әйелдердің отбасын жоспарлау кабинетінен өтуіне ықпал ету.
 - ЭГА бар туу жасындағы әйелдерді сауықтыру.
 - Регионализация принципі бойынша босанатын жүкті әйелдерді іріктеп, жоспар құру.
- 1 жасқа дейінгі сәбилерді тұрақты динамикалық бақылауда ұстау.

№	Индикаторлар, көрсеткіштер атауы	Бірл.	1 кезең			2 кезең		Жауапты атқарушы
			2016ж	2017ж	2018ж	2019ж	2020ж	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Жарақаттардан, оқыс оқиғалардан және уланулардан болатын өлім-жітімді төмендету-2015 жылы-52,6	100 мың халыққа шаққанда	52,0	51,5	51,0	49,8	49,0	Аудандық денсаулық сақтау ұйымдары

Тікелей нәтижелерге қол жеткізуге арналған іс-шаралар:

- Тұрғындардың арасында жарақаттанудың алдын алу шаралары туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу.
- Реанимобиль Батыс- Европа Батыс-Қытай тас жолындағы Жол көлік апаты кезінде науқастарды тасымалдауға арналған-2016 жыл .
- Хоффман аппаратын алу-2016 жыл
- Травматологиялық оталар жасауға арналған құралдар алу-2016 жыл
- Күштеме құралдарын алу-2016 жыл

№	Индикаторлар, көрсеткіштер атауы	Бірл.	1 кезең			2 кезең		Жауапты атқарушы
			2016ж	2017ж	2018ж	2019ж	2020ж	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Туберкулезбен сырқаттануды төмендету-2015 ж-89,6	100 мың тұрғынға шаққанда	87,6	84,7	81,8	76,0	64,3	Аудандық денсаулық сақтау ұйымдары
	Туберкулезден болатын өлімді төмендету-2015 ж-5,4	100 мың тұрғынға шаққанда	2,9	2,8	2,7	2,6	2,5	Аудандық денсаулық сақтау ұйымдары

Тікелей нәтижелерге қол жеткізуге арналған іс-шаралар:

- 22.08.2014 жылғы №19 «Туберкулез бойынша профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрықтың орындалуын және туберкулездің асқынған сатысында тіркелген ауруларға талдау.
- ФГ жоспардың толық және сапалы орындалуын қадағалау.
- 2 жыл және одан да көп жыл ФГ түспеген науқастардың тексеріліуден өтуін қамтамасыз ету

№	Индикаторлар, көрсеткіштер атауы	Бірл.	1 кезең			2 кезең		Жауапты атқарушы
			2016ж	2017ж	2018ж	2019ж	2020ж	

1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Дәрігерлер мен орта буынды медициналық қызметкерлерді үздіксіз қосымша кәсіби біліммен қамтамасыз ете отырып олардың жұмысын бағалау жолымен-кадрлық ресурстарды жетілдіру.	Абс сан	Дәр-23 Орта буын мед қызметке рлер-109	Дәр-11 Орта буын мед қызмет керлер -121	Дәр-13 Орта буын мед қызмет керлер -88	Дәр-12 Орта буын мед қызмет керлер -115	Дәр-16 Орта буын мед қызмет керлер -75	Кадр бөлімі

Тікелей нәтижелерге қол жеткізуге арналған іс-шаралар:

-Жоспарға сәйкес дәрігерлер мен орта буынды медициналық қызметкерлердің білімін жетілдіру.

№	Индикаторлар, көрсеткіштер атауы	Бірл.	1кезең			2кезең		Жауапты атқарушы
			2016ж	2017ж	2018ж	2019ж	2020ж	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Мекеме ішілік ішкі бақылауды күшейту жолымен, ішкі аудит жұмысын жетілдіру. (самоконтроль).	%	50	55	60	65	70	Бас дәрігердің пациентті қолдау және ішкі бақылау жөніндегі орынбасары ,бөлім меңгерушілері барлық дәрігерлер.

Тікелей нәтижелерге қол жеткізуге арналған іс-шаралар:

- Қауіпсіздікті басқаруды реттеу,қызметкерлер мен науқастардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

-Барлық дәрігерлер өзін өзі бақылауды жүргізу.

- Медициналық қызметтің сапасы бойынша түскен арыздарды мониторингілеу.Медициналық қызметтің сапасын жақсарту.

№	Индикаторлар, көрсеткіштер атауы	Бірл.	1кезең			2кезең		Жауапты атқарушы
			2016ж	2017ж	2018ж	2019ж	2020ж	
1	2	3	4	5	6	7	8	9

1	Стационар құрамындағы күндізгі емхана қызметіне жатқызу арқылы тәуліктік стационарға жатқызуды 5 % дан кем емес төмендету.2015ж-5133	Емделіп шыққан наукастар саны	4826	4536	4400	4263	4008	Аудандық денсаулық сақтау ұйымдары
---	--	-------------------------------	------	------	------	------	------	------------------------------------

Тікелей нәтижелерге қол жеткізуге арналған іс-шаралар:

- Наукастарды амбулаториялық деңгейде сауықтыруды күшейту.
- Күндізгі емханаға емдеу жағдайларын арттыру.
- Күндізгі емдеу төсектерін жыл сайын 10 пайызға арттыруға жұмыс жасау.
- Тәуліктік стационарлық төсектің оптимальды құрылымын анықтау (қысқарту және перепрофилизация).

№	Индикаторлар, көрсеткіштер атауы	Бірл.	1кезең			2кезең		Жауапты атқарушы
			2016ж	2017ж	2018ж	2019ж	2020ж	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Мүмкін болатын мотивациялау және үстемдеу шараларын қолданысқа енгізу:	Үнемделген қаржыдан,теңге	1 млн	1,2 млн	1,5млн	2,0млн	3,0млн	Бас дәрігер,Бюджеттік жоспарлау бөлімі

Тікелей нәтижелерге қол жеткізуге арналған іс-шаралар:

- Ресурстарды үнемдеу есебінен шығындарды азайту.
- Қызметкерлердің жалақысын дифференцирленген айлық есебінен жоғарылату.

IV Мекеменің функциялық мүмкіндіктері

Стратегиялық бағыттың атауы	Мекеменің стратегиялық жоспарды орындаудағы атқарылатын іс шаралары	Орындау мерзімі
1. Азаматтардың денсаулығын нығайту және өлім деңгейін төмендету 1.1-мақсаты. Аурулардың профилактикасы, емдеудің және оңалтудың тиімді жүйесі; 1.1.1-міндет Аурулардың профилактикасы және саламатты өмір салтын қалыптастыру әдістемелерін жетілдіру; 1.1.2-міндет. Негізгі әлеуметтік мәні бар ауруларды және жарақаттардың	Денсаулық сақтау саласында қызметті регламенттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру Халықтың инфекциялық, паразиттік және кәсіби ауруларының, оның ішінде аса қауіпті инфекциялардың пайда болуын, таралуын және оны төмендетудің профилактикасы, инфекциялық және аса қауіпті аурулардың әкеленуінен және таралуынан шекараны қорғау	Тұрақты негізде

<p>диагностикасын, емдеуді және оңалтуды жетілдіру; 1.1.3-міндет. Инфекциялық сырқаттанушылықтың өсуіне жол бермеу 1.2.-мақсат. Ана мен баланы қорғау қызметін жетілдіру 1.2.1-міндет. Ана мен бала денсаулығын нығайту</p>	<p>Денсаулық сақтау саласында қолданбалы ғылыми зерттеулердің басым бағыттары шеңберінде профилактикалау, диагностикалау, емдеу, оңалту әдістерін және құралдарын әзірлеу және жетілдіру</p>	
	<p>Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары кадрларының кәсіби деңгейін арттыру, олардың кәсіби деңгейлерін практикалық денсаулық сақтаудың қазіргі заманғы талаптарына сәйкес тереңдету</p>	
<p>2. Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру 2.1.-мақсат Денсаулық сақтау ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру 2.1.1-міндет. Денсаулық сақтау ұйымдарын басқаруды және қаржыландыруды жетілдіру 2.2-мақсаты. Білім, ғылым жүйесін жетілдіру және инновациялық технологияларды енгізу 2.2.1-міндет. Ғылым және кадр ресурстарын дамыту</p>	<p>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің аумақтық органдары ғимараттарына күрделі жөндеу жүргізу, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің материалдық-техникалық базасын нығайту</p>	Тұрақты негізде
	<p>Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік органды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету</p>	
	<p>Орталық аппарат және жергілікті атқарушы органдар қызметкерлерін денсаулық сақтау саласындағы стратегиялық жоспарлау және талдау қағидаттарына оқыту</p>	Тұрақты негізде
	<p>Қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің кәсіби білімін және дағдыларын жаңарту және тереңдету</p>	
	<p>Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік қызметтердің стандарттарын және регламенттерін әзірлеу, медициналық қызметті электрондық форматқа көшіру</p>	

V Ведомствоаралық өзара іс-қимылдар

Қол жеткізу үшін ведомствоаралық өзара іс-қимылды қажет ететін міндеттердің көрсеткіштері	Ведомствоаралық өзара іс-қимыл жүзеге асырылатын мемлекеттік орган	Ведомствоаралық өзара іс-қимылды орнату үшін мемлекеттік орган жүзеге асыратын шаралар
1	2	3
1-стратегиялық бағыт. Азаматтардың денсаулығын нығайту және өлім жітім көрсеткіштерін төмендету.		
1.1-мақсат. Саламатты өмір салты және мінез-құлық факторларымен себептес әлеуметтік мәні бар аурулардың деңгейін төмендету мәселелері бойынша сектораралық өзара іс-қимыл		
1.1.1-міндет		
Жастар денсаулығы орталығын құру арқылы халық арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруды насихаттауды жоғарылату.	АЕҚБ Жалағаш АОА, Спорт бөлімі, Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы	ОДСБ бекіткен жоспар
Спортты және саламатты өмір салтын насихаттау бойынша әлеуметтік бейнероликтерді жасау	АЕҚБ Жалағаш АОА, Спорт бөлімі, Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы	
Спорттың көпшілікке арналған түрлері бойынша жыл сайынғы салалық спартакиадаларды ұйымдастыру және жүргізу	АЕҚБ Жалағаш АОА, Спорт бөлімі, Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы	

Белсенді өмір салтын жүргізуге, бұқаралық спортқа, дене тәрбиесіне тұрғындарды уәждеу және ақпараттануын арттыру, тұрғындар арасында СӨСҚ негіздерін насихаттауды жетілдіру	АЕҚБ Жалағаш АОА, Спорт бөлімі, Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы	
Мінез құлық факторларын төмендету	АЕҚБ Жалағаш АОА, Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы	
-Темекі шегу		
-Алкогольді ішімдіктерді ішу		
-Артық салмақ		
1.2-мақсат. Әлеуметтік маңызы бар аурулар мен жарақаттарды диагностикалау мен емдеуін жетілдіру		
1.2.1-міндет		
Қан айналым жүйесі ауруларынан болатын өлім жітімді төмендету	ОДСБ, АЕҚБ Жалағаш АОА, Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы	Қан айналым жүйесі бойынша жүргізілетін скринингтік тексерудің сапасын арттыру, қауіп қатер тобын анықтап алдын алу шараларын жүргізуді күшейту. Үйлестіру кеңесін құру
Онкологиялық аурулардан болатын өлім жітімді төмендету.	ОДСБ, АЕҚБ Жалағаш АОА	Онкологиялық ауруларды ерте сатысында анықтап сауықтыру, скринингтік тексерудің сапасын арттыру. Үйлестіру кеңесін құру
Туберкулезден болатын өлім жітімді төмендету.	ОДСБ, АЕҚБ Жалағаш АОА, Аудандық туберкулезге қарсы күрес диспансері, Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Туберкулездің сүйемелдеу кезеңінде жүрген науқастарға қаржы бөліп әлеуметтік көмекпен қамтамасыз ету. 2 жыл және одан да көп жыл ФГ тексеруден өтпегендерді ФГ тексеруден өту пайызын жоғарылату. Туберкулез науқасымен қарым-қатынаста болған адамдарды тексеруден уақытылы өткізіп, қадағалауды күшейту.
Туберкулез аурушандығын азайту	ОДСБ, АЕҚБ Жалағаш АОА, Аудандық туберкулезге қарсы күрес диспансері, Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	
Жарақаттар мен оқыс оқиғалардан қайтыс болу жағдайларын төмендету.	ОДСБ, АЕҚБ Жалағаш АОА, Аудандық ішкі істер бөлімі	
1.3-мақсат. Инфекциялық аурулардың өсуін болдырмау		
1.3.1-міндет		
ВИЧ инфекцияның	ОДСБ, АЕҚБ Жалағаш АОА, СПИД орталығы	Вирусты ерте анықтауға арналған іс шараларды күшейту.

15-49 жас шамасы аралығындағы таралуын 0,01 деңгейде ұстау		
1.4-мақсат. Ана мен баланы қорғау қызметінің жетілдіру		
1.4.1-міндет. Ана мен бала денсаулығын нығайту		
Ана өлімін болдырмау	ОДСБ, АЕҚБ Жалағаш АОО, Аудан әкімшілігі	Аудан әкімшілігімен бірлесе отырып үйлестіру кеңесін құру
Сәби өлімін төмендету	ОДСБ, АЕҚБ Жалағаш АОО, Аудан әкімшілігі	

1.5-мақсат. Денсаулық сақтау жүйесінің эффективтілігін жоғарылату		
1.5.1-міндет. Мекеменің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату		
1.5.1.1 Мекемені басқару мен қаржыландыруды дамыту		
Медициналық қызметтің сапасы бойынша негізді арыздардың көлемі	ОДСБ, АЕҚБ Жалағаш АОО, Аудан әкімшілігі	Медициналық қызметтің сапасы бойынша түскен арыздарды мониторингілеу. Медициналық қызметтің сапасын жақсарту.
Медициналық мекеменің стандартқа сай жабдықталуы	ОДСБ, АЕҚБ Жалағаш АОО, Аудан әкімшілігі	Медициналық мекеменің жабдықталуын мониторингілеу.
Стационарлық көмектің пайдалану деңгейі	ОДСБ, АЕҚБ Жалағаш АОО, Аудан әкімшілігі	Стационарды алмастыратын көмекті дамыту. БМСК деңгейінде медициналық қызметтің сапасын арттыру.

1.6-мақсат. Кадрлық ресурс жүйесін дамыту		
1.6.1-міндет. Кадрлардың үздіксіз кәсіптік дамуын жетілдіру		
1.6.1.1 Үздіксіз кәсіби даярлау		
Қажетті кадрлармен қамтамасыз ету	ОДСБ, АЕҚБ Жалағаш АОО, Аудан әкімшілігі	Елді мекендерде кадрлардың тұрақталуын қамтамасыз ету. Еңбек ақыны жаңа принцип арқылы төлеп үстемдеуді жетілдіру

VI Мүмкін болатын тәуекелдер

Медициналық мекеме бірқатар тәуекелдердің (мақсатқа қол жеткізуге кедергі келтіруі мүмкін жағдайлар) пайда болуымен немесе Медициналық мекеменің тарапынан бақылауға жатпайтын, Стратегиялық жоспарға қол жеткізу мақсатына кедергі келтіретін сыртқы факторлармен кездесуі мүмкін.

Болуы ықтимал тәуекелдің атауы	Тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралар қабылданбаған жағдайда болуы ықтимал салдарлар	Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
Сыртқы тәуекелдер		
Стратегиялық жоспардың индикаторларына қол жеткізу бойынша жергілікті органдардың жеткіліксіз жұмыс атқаруы	Стратегиялық жоспар индикаторларының мақсаттарына және міндет көрсеткіштеріне қол жеткізбеу	Мекеменің жоспарларының негізгі индикаторларын міндетті көрсете отырып, денсаулық сақтау басқармасының стратегиялық жоспарларының жобаларымен келісу
Стратегиялық жоспардың индикаторларына қол жеткізу бойынша мемлекеттік	Стратегиялық жоспар индикаторларының	Азаматтардың денсаулығын сақтау жөніндегі ұлттық үйлестіру

органдардың жеткіліксіз жұмыс атқаруы	мақсаттарына және міндет көрсеткіштеріне қол жеткізбеу	кеңесінің рөлін күшейту
Инфекциялық аурулардың өршу қауіп-қатері	Инфекциялық аурулардың өршуі	Халықты қауіпсіз ауыз су, азық-түлік өнімдерімен, инфекциялық сырқаттанушылықты, басқарушылық шешімді қабылдай отырып, қоршаған ортаны санитариялық фонмен қамтамасыз ету үшін санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды күшейту. Халыққа ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу.
Техногендік және экологиялық апаттар (жұтаулар) салдарынан әр түрлі жарақаттардың және аурулардың (оның ішінде инфекциялық) жаппай дамуы	Халықтың әлеуметтік шиеленісін дамыту	Халыққа ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу. Төтенше жағдайлар кезінде уақтылы медициналық көмек көрсету
Ішкі тәуекелдер		
Медицина қызметкерлерінің жалақы деңгейінің төмен болуына байланысты медицина кадрларының кетуі	Білікті кадрлардың төмендеуі	Түпкілікті нәтижеге негізделген медицина қызметкерлерінің еңбекақысын төлеудің сараланған жүйесін одан әрі жетілдіру. Басқару әдістерін жетілдіру
Медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасының жеткіліксіз деңгейі	Медициналық қызмет көрсетудің төмен сапасы	Денсаулық сақтау жүйесінің инфрақұрылымын жетілдіру
Басқару шешімдерін қабылдауда медициналық ұйымның дербестігінің төмен болуы	Медициналық қызметтерді көрсетудің төмен сапасы Бюджеттік қаражаттың тиімсіз пайдаланылуы	Корпоративтік басқару қағидаттарын енгізе отырып, Денсаулық сақтау менеджментіне оқыту

VII Нормативтік құқықтық актілер.

1. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 года;
2. Кодекс Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» от 18 сентября 2009 года №193- IV;
3. Указ Президента Республики Казахстан от 13 сентября 2004 года №1438 «О Государственной программе реформирования и развития здравоохранения Республики Казахстан на 2005-2010 годы»;
4. Указ Президента Республики Казахстан от 29 ноября 2005 года № 1677 «Об утверждении Стратегии гендерного равенства в Республике Казахстан на 2006-2016 годы»;
5. Указ Президента Республики Казахстан от 6 апреля 2007 года № 310 «О дальнейших мерах по реализации Стратегии развития Казахстана до 2030 года». (Программа Правительства Республики Казахстан на 2007-2009 годы);
6. Послание Президента страны народу Казахстана от 10 октября 1997 года «Казахстан – 2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев»;
7. Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана от 1 марта 2006 года «Стратегия вхождения Казахстана в число 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира. Казахстан на пороге нового рывка вперед в своем развитии»;

Ұйымдастыр- әдістемелік бөлімінің меңгерушісі:

А.Шамитаева